

АҚЫН ҚАДЫР МЫРЗА ӘЛІНІҢ ТІЛДІК ТҰЛҒАСЫНЫҢ КОГНИТИВТІ ДЕҢГЕЙІ

Когнитивті лингвистика мен лингвомәдениеттану ғылымдарында тілдік тұлға мәселелері басты ғылыми нысан ретінде зерттелуде.

Қазақ тіл білімінде осы ғылымды зерттеуші Ә.Т. Қайдари, Р.С. Сыздық, Ж.А. Манкеева, Ш.Мәжітаева, Г.Н. Смағұлова, А.Б. Салқынбай т.б. ғалымдар тілдік тұлға мәселелерінің бірқатар түйткілді сұрақтарын шешті. Ендігі кезек жеке тілдік тұлғалардың деңгейлік ерекшеліктерін ашуға байланысты болып отыр. Тілдік тұлғаның қасиеттерін зерттеген Ю.Н. Караулов оның мынадай екі аспектісі болу керектігін айтады: 1) Философиялық; 2) Психологиялық [1, 56 б.]. Осыдан барып, тілдік тұлғаның құрылымдық деңгейлері шығатынын көрсетеді. Оның ойынша, тілдік тұлғаның философиялық аспектісін тіл, интеллект, болмыс құрайды. Осыған, біздіңше, ұлттық танымды қосуға болады, себебі, лингвомәдениеттанушы В.А. Маслова: «тілдік тұлға – бұл сөйлеуші тұлғалардың көпқабатты және көпсынарлы парадигмасы. Соның ішінде, сөйлеуші тұлға – бұл болмыстағы, нақты тілдесуде парадигмасындағы тілдік тұлға», - деп көрсетеді [2, 119 б.]. Ал, Ю.Н. Карауловтың көрсетуінше, психологиялық аспекті басты үш деңгейден тұрады, яғни семантикалық, когнитивті және прагматикалық деңгейлер. Тілдік тұлғаның құрылымдық деңгейлері осы деңгейлерге орайласа сәйкестенеді. Семантикалық деңгейге вербалды-семантикалық құрылым сәйкестенеді де сөздерден тұрады, яғни вербалды-семантикалық құрылым сөздер жиынтығынан тұрады. Бұған әр қабаттағы сөздер мен лексикалық бірліктер енеді. Ал когнитивті деңгейге тезаурустық құрылым сәйкестенеді де, ұғымдар немесе, бүгінгі терминологиямен айтқанда, идея, концептілерден тұрады. Бұл иерархиялы құрылымдардан тұрғандықтан дүниенің бейнесінен, ең аз дегенде семантикалық өрістен тұрады. Дүниенің бейнесі көп сатылы құбылыс болғандықтан тілдік тұлғаның құрылымы да көп сатылы іспетті болады. Бұл туралы қазақ тіл білімінде зерттеулер баршылық, атап айтқанда, Ж.А.Манкеева, Н.Уәли, Қ.Жаманбаева, А.Ислам, Қ.Рысберген, Э.Оразалиева, А.Әмірбекова т.т. зерттеушілер өз еңбектерінде әртүрлі концептілер мен жеке бір тұлғаның ұлттық танымын, концептосферасын кеңінен қарастырған. Прагматикалық деңгейге уәжілік сай келеді де мынадай деңгейлік бірліктерден құралады: коммуникативті қызмет, сөйлесу аумағы, бейнелер мен символдар, лингвомәдени бірліктер. Тілдік тұлғаның құрылымдық деңгейлерінің бірліктеріне сөз тіркестері мен сөздер, диалогтар мен монологтар, символдар мен метафоралар, авторлық колданыстар мен автордың дискурсы т.т. жатады.

Енді осыларды жекелей түсіндірелік.

1. Тілдік тұлғаның семантикалық деңгейі.

Бұған тілдік тұлғаның вербалды-семантикалық құрылымына жататын сөздер молынан енеді. Тілдік тұлғаның осы бір өлшемге сай келетінін айқын көрсететін осы бір лексикалық бірліктер. Бұған ақын тіліндегі қолданыстағы барлық бірліктерді толық жатқызуға болады. Бұл мәселеге тереңірек тоқталсақ, Қ. Мырза Әли тілдік тұлғасының құрылымдық деңгейлерінің көп қабатты сипатта келетіні айқын аңғарылады.

Мысалы:

Ешқашанда кетпеу керек ерде есе.

Қоян ноян болу қажет Жер десе!

Сенің шырқап өскеніңнен не пайда,

Халқың содан бір жақсылық көрмесе! [134 б.].

Ақын тілі өзінің мол семантикалық базасымен ерекше көзге түседі. Семантикалық база тілдік тұлға дәрежесіндегі адамда қашанда өзінің байлығымен көрінеді. Мысалы:

Қаңтарым мен ақпаным қарсы аларда

Қандай аппақ!

Бір пәктік бар соларда.

Өте шықты бір қысым

Бүркіт ұстап,

Құмай ертіп жортатын қансонарда. [109 б.].

Тілдік тұлғаның семантикалық базасының қалыптасуына келсек, оның негізінде мыналар жатады: дүниенің қарапайым бейнесі; дүниенің көркем бейнесі, дүниенің когнитивті бейнесі,

дүниенің ғылыми бейнесі. Бұл басқыштардың барлығы дерлік тілдік тұлғаның санасында орын теуіп, оны осы бір жоғары дәрежеге көтереді. Дүниенің қарапайым бейнесі бала кіші мектеп жасында және өз отбасысында тәрбиеленген кезде қалыптаса бастайды да, орта мектеп жасында дүниенің көркем бейнесіне ұласады. Бүгінде атасының өнегесі мен әжесінің ертегісін тыңдамаған балада бұндай басқыш қалыптаспайтыны анық, сондықтан бұндай баладан тілдік тұлға шыға қоюы екіталай. Осы кезеңде болашақ тілдік тұлға халық ауыз әдебиеті, ауызша тараған көркем әдебиетті бойына әбден сіңіреді. Қадыр ақын – қазақ тілінің сөздік қорынның барлық қабаттарын толық меңгерген тілдік тұлға.

Қадыр ақыннан тағы бір мысал алайық:

Ағайындар!

Құр бекер қарыспаңдар!

Қоқаңдатпай қаруды ары ұстаңдар!

Шаруасы жоқ адамда,

Қала түгіл,

Жоламайды далаң арыстандар! [80 б.].

Пәледен

Аң қашады.

Даланы

Шаң басады.

Жел айдап жөңкіген бұлт

Желбіреп жалғасады.

Бір-бірін тосып әлі

Толқындар жосылады.

Өзектер бөлінбейді,

Өзен боп қосылады. [112 б.].

Енді ақынның тілдік тұлғасының когнитивті деңгейіне тоқталалық.

2. Тілдік тұлғаның когнитивті деңгейі. Бұл деңгейді иерархиялы құрылымдардан тұратын ұғымдар не тұжырымдар немесе басқаша айтқанда концептілер құрайды. Бұл жерде айта кететін бір жайт, концепті мен мағынаны шатастырып алмау керек. Концепті сөздердің лексикалық мағыналарынан тұрады. Концептінің лексикалық мағынадан ерекшелігін З.Д. Попова, И.А. Стернин былай көрсетеді:

«Концепт қабаттардан тұрады, лексемалар семемалардан тұрады;

Концепт мазмұнға ие болса, лексемалар семантикаға ие;

Концепт концептуалды, когнитивті белгілерден тұрса, семемалар мағына компоненттері (семалардан) тұрады;

Концепт көлемді және байлаулы құрылым құрамаса, семемалар семалар бойынша құрылым құрайды және семантемалар семемалар бойынша құрылым құрайды. Лексикалық мағына жеке сөздің мәнін берсе, концепт сөздер тобының мәнін береді т.т.» [3, 101-103 бб.]. Концепт құрылымы бейне, ақпараттық мазмұн, интерпретациялық өріс, ал өріс әртүрлі аймақтардан тұрады. Ал концепт құрамы түсінік, схема, ұғым, фрейм, сценарий (скрипт), ойсурет, ойдерек (сигнификат), гештальт сияқты құрамды бөліктерден тұрады. Ақынның когнитивті деңгейін көрсетуге ақын тіліндегі көптеген концептілерден «Дала» концептісін мысалға алсақ та жеткілікті.

«Дала» концептісі Қадыр Мырза Әлидің поэтикалық әлемінде тірек бірлік болып саналады. Дала ұғымы – философияның маңызды категорияларының бірі. Бұл ұғым ақын шығармаларында болсын, ойшылдар пікірінде болсын, көне рухани мәдениет мұраларында болсын ерекше орын алады. Дала сөзімен берілген бұр күрделі ментальді болмыс сан алуан интерпретацияда ұғынылады. Поэтикалық мәтінде дала ұғымы әр түрлі қырынан танылған. Оған шығарма контекстінің топографиялық (сюжет, фабула), психологиялық (сезім, ой, күйзеліс), метафизикалық (автордың түпкі ойы, көркемдік идеялық мазмұны) аспектілері сәйкес келеді.

Дала – түсінілуі, сезініп қабылдануы күрделі, адам үшін құндылығы мол дүние. Ол біріншіден, айналанды қоршап жатқан, күнде көріп жүргендіктен көзің қанығып, ойың жатыққан жер аталатын түрі, екіншіден, топырақ рең-кейіпі мың құбылған, Алла тағаланың кәдімгі далиған кең даласы сол тіркестердің әсерінен бөлекше түрге ендіріп, толғандырып та, тамсандырып та тастайтын кең алқап.

Қадыр Мырза Әли өз жырында дала концептісіне мынадай метафоралар шоғырын қолданады:

*«Түзден дыбыс аулаған
Таң қалмаңыз құлқыма.
Көк шалғында аунаған
Қызығамын жылқыға (138 б.)*

*Көк аспанда күн күлген
Көктем менен жаздарда
Көзден шығып сілкінген
Қызығамын қаздарға (138 б.)*

*Шалғын, орман сусаған
Шілде-тамыз айында
Қайраңға кеп жусаған
Қызығамын жайыңға» [138 б.].*

Дала концептісі дүниенің тілдік, көркем бейнесінде кең мағынада «топырақ», «жұрт», «алқап», «дала», «туған топырағым», «ата жұртым», «кең алқабым», «дархан далам» секілді фреймдерден бастау алатын ментальді репрезентация. Поэтикалық мәтіндегі оның бейнелі репрезентациясы – жарық, қозғалыс, кеңістік, арпалыс т.б. ситуациялар төңірегінде жинақталып танылады. Мысалы:

*Күміс бұлттар көкті сирек бүркейді,
Күн сәулесі ақ мұнарды тіркейді.
Жанап ұшып,
Жалмап өтер қарлығаш
Жолаушыны мазалаған шіркейді. [137 б.].
Қастерлесен Дала деген ұлы үйді,
Кеткен ұлға қалай ішің жылиды?
Бөрінің де бөлтірігі бүгінде
Батысыңның әуенімен ұлиды! [141 б.].*

Мысалы:

*Қарындас бар маған ұқсайтын маған түрі:
Қырдың гүлі, қазақтың қалампыры. [205 б.].*

Тағы бір мысал:

*Табиғаттың тойында
Тауып талай тынысты,
Тұрамыз біз мойында
Шоқпардай боп галстук! [138 б.].*

Мәселен:

*Өңір едік жылқылы да түйелі,
Өлең де тіліміздің тиегі...
Білім қазір сыйыспай жүр тіліммен,
Тілім оның көзге шыққан сүйелі. [142 б.].*

3. Прагматикалық деңгей. Прагматикалық деңгей жазушының сөздерді құбылту мен қолданыста жұмсау ерекшеліктерінен байқалады. Прагматикалық деңгейге ең бастысы уәжділік категориясы сай келеді, сол себепті бұл мынадай деңгейлік бірліктерден құралады:

1) коммуникативті қызмет; 2) сөйлесу аумағы, 3) бейнелер мен символдар; 4) лингвомәдени бірліктер т.т.

Мәселен:

*Өңір едік жылқылы да түйелі,
Өлең де тіліміздің тиегі...
Білім қазір сыйыспай жүр тіліммен,
Тілім оның көзге шыққан сүйелі. [142 б.].*

Қадыр Мырза Әлиден тағы бір мысал келтіре кетейік.

*Кездерім бар күліп те,
Жылап та алар.
Шындық жатпас,
Жалпақ ел құлақтанар.*

Қалам да бар бойымда,
Далам да бар,
Дариям бар,
Әрине, бұлақ та бар! [158 б.].

Мамыр өтіп,
Келеді ертең маусымы.
Көрінеді жатқандай боп тау сұлық.
Сияқты бір сезінесің
Балқумен
Бара жатқан балауыздай таусылып! [137 б.].

Қадыр авторлы метафораларды табиғат суреттерінен алады да, ұқсату және мағына ауысуының функционалды-семантика заңы бойынша метафораларды түйдегімен қолданады. Мысалы:

«Сен далада жаяу жүріп көрдің бе?
**Сүйсінесің қызғалдаққа,
Зергүлге.**
Соңғы аптасы болса егерде мамырдың,
Солықтайды төсің қақтап жер күнге» [137 б.].

**Дүбірлетіп даланың тарпаң бозы,
Не жетеді жүргенге ортаңда озып!**
Әлденеге елігіп,
Жының ұстап,
Кей кездері кетеді арқаң қозып [95 б.].

Осындағы «**Дүбірлетіп даланың тарпаң бозы**» дегенді авторлы метафораға авторлы метафораға жатқыздық, себебі түрі бойынша авторлы деп ойлаймыз..

Тағы бір мысал: «**Күнге тартқан баланың
Нұр көресің көзінен...**
Ал мен болсам,

Даламның
Аумайды екем өзінен!» [124 б.].
Мысалы, ол Қадырда былай көрінеді:

«**Балындай даланың
Бар оның шипасы.**
Өлеңмен
Баламның
Басынан сипашы!» [179 б.].

Мысалы:
«**Керемет қой көктем, жаздың жамалы!**
Көздің жауын алмайтын гүл шамалы.
Еркелетіп әрбір талын шашыңның,
Ереді де отырады самалы!» (137 б.)
«**Көздің жауын алмау**» сөз тіркесі.

Әрі қарай талдай берсең семантикалық базасы мол, тың қолданыстарды шебер ойната білетін тілдік тұлғаның тілі ашыла береді. Бұған, әрине, кішкене мақаланың көлемі көтермейді. Жалпы алғанда, ақын Қадыр Мырза Әлінің тілдік тұлға ретінде тілінің барлық қасиетін ашу өте көлемді жұмыс екенін айтқымыз келеді.

Қорыта келгенде, Қадыр ақынның тілдік тұлғасы кемелденген үш деңгейден тұратын күрделі құрылымды құрайды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность. – М: ЛКИ, 2007.
2. Маслова В.А. Лингвокультурология. – М: Академия, 2007.
3. Попова З.Д., Стернин И.А. Когнитивная лингвистика. – М: Восток-Запад, 2007.
4. Мырза Әли Қ. Үш томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1989.